

**"Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы №
42 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 64 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 26 қыркүйекте № 21288 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 42 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20769 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 1 маусымда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларында:

бұйрықтың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 желтоқсанның бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады."

2. Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3 Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4 Осы бұйрық 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК